

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
«Қ.СҰЛТАНБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚТЫ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ № 185-Ө

Жаксылык ауылы

1 қыркүйек 2023 жыл

«Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсы жүргізу туралы»

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2-қосымша Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 25 тармақшасына сәйкес «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырсын.
2. 3-қосымша Негізгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау 56 тармақшасына сәйкес «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылсын.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 ж 21 сәуірдегі №154 бұйрығына қосымша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 ж 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес 10 - сыныпта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялық негіздері» 12 сағат, 11- сыныпта «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқа әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысымен жүзеге асырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу ісі жөніндегі орынбасар Р.Туменбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



А.Стыбаева.